«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ
МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ
МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

Қазақстан Республикасы, Маңғыстау облысы,
130000, Ақтау қаласы, 23 шағын аудан №100 ғимарат,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ
УЧРЕЖДЕНИЕ «ДЕПАРТАМЕНТ
ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА ПО МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ
КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО
АУДИТА МИНИСТЕРСТВА ФИНАНСОВ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН»

Республика Казахстан, Мангистауская область,
130000, город Актау, 23 микрорайон, здание №100,
тел./факс: 8/7292/ 31-90-92, 31-91-48

30.03.18 № 02-09/704

«МҰНАЙЛЫ-ҚЫЗМЕТ» ЖШС
Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы, «Газлимитед» ЖШС ғимараты, тел:46-66-04.

Маңғыстау облысы бойынша ішкі мемлекеттік аудит департаменті (бұдан әрі - Департамент) Сіздің 13.03.2018 жылғы №43 санды арызыңызға қатысты келесіні хабарлайды.

Департамент тарапынан Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңының 14-бабына сәйкес, «Басқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ жаряилаған №2237278-1 санды *«Мұнайлы ауданы Басқұдық ауылдық округі елді мекендерінің аумағын санитарлық тазалығын қамтамасыз ету»* мемлекеттік сатып алуға камералдық бақылау жүргізіліп, нәтижесінде Сіздің, арызыңызда көрсетілген мән-жайлар келесідей себептермен өз дәлелін тапқан жоқ деп санайды. Атап айтқанда:

«Глобал Строй и К» ЖШС өтінім бойынша:

Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 3-бабы 1-тармағында Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің нормаларынан, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады делінген.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің (бұдан әрі – Азаматтық кодекс) 393-бабы 1-тармағында тараптар арасында шарттың барлық елеулі ережелері бойынша тиісті жағдайларда талап етілетін нысанда келісімге қол жеткен кезде шарт жасалды деп есептеледі делінген.

Азаматтық кодекстің 380-бабы 2-тармағында тараптар заңдарда көзделген шартты да, көзделмеген шартты да жасаса алады делінген.

Осылайша, Департамент «Глобал Строй и К» ЖШС-нің жалға алған техникалары жалға алу шартымен (договор аренды) тараптар арасында келісімге қол жеткізіліп екі жақты қол қойылғандықтан шарт жасалды деп санайды.

Сонымен қатар, Қазақстан Республикасының Қаржы министрінің 11.12.2015 жылғы №648 бұйрығымен бектіліген «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» қағидасының (бұдан әрі - Қағида)

150-тармағында әлеуетті өнім берушіні конкурсқа жібермеу (рұқсат бермеу) негіздері ашып көрсетілген.

Алайда, Сіздің арызыңызда көрсетілген бір техниканы екі жалға алушыға беру туралы жалға алу шартының дұрыс жасақталмағаны бойынша өнім берушіні конкурсқа қатыстырмау көзделмеген.

Сондай ақ, Заңға сәйкес конкурс қортындысы бойынша бір ғана әлеуетті өнім беруші жеңімпаз деп танылып, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасақталады.

Бұдан басқа, «Глобал Строй и К» ЖШС өтінімінде конкурстық құжаттамада көзделген еңбек ресурстарына ие болу болуын расттап құжаттарын ұсынғаны анықталды.

«Атамекен Тазалық» ЖШС өтінім бойынша:

Қазақстан Республикасының 22.04.1998 жылғы №220-I «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Заңының 17-бабы 1-тармағында *жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысы серіктестіктің заңды тұлға ретіндегі құқықтық мәртебесін белгілейтін құжат болып табылады* және 2-тармағында *жауапкершілігі шектеулі серіктестіктің жарғысында оның қызметінің мәні мен мақсаттары көзделуі мүмкін* делінген.

Осыған сәйкес, «Қала Жолдары» ЖШС жарғысының 4.2-тармағында автокөлік және арнайы көлік (спецтехники) қызметтерін көрсету көзделген.

Демек, Департамент «Қала Жолдары» ЖШС өзінің меншік құқығына тиесілі мүлікті жалға бере алады деп санайды.

Себебі, «Қала Жолдары» ЖШС жарғысының 2.2-тармағында серіктестік өз қызметінің мақсатына жету үшін өз атынан мәмілелер (шарттар) жасасуға құқылы екені көзделген.

Сондай ақ, «Атамекен Тазалық» ЖШС өтінімінде «Қала Жолдары» ЖШС мен жасақталған 15.01.2018 жылғы №02 санды арнайы көліктерді (спецтехники) жалға алу шарты *(жалға берушінің растаушы құжаттарымен бірге)* ұсынылғаны анықталды.

Бұдан басқа, «Атамекен Тазалық» ЖШС өтінімінде конкурстық құжаттамада көзделген еңбек ресурстарына ие болу бөлігінде құжаттарын ұсынбағаны анықталды.

Алайда, «Атамекен Тазалық» ЖШС-нің өтінімі бойынша еңбек ресурстарына ие болмауы мемлекеттік сатып алудың қорытындысына әсер етпейтіндігі белгілі болды.

Осылайша, Қазақстан Республикасының 12.01.2007 жылғы №221 санды «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 10-бабына сәйкес арызыңызға жауап мемлекеттік тілде берілді және 12-бабына сәйкес өтініштерді қарау нәтижелері бойынша қабылданған шешімдерге келіспеген жағдайларда шағым жасауға құқылы екендігіңіз қаперіңізге беріледі.

Департамент басшысы **С. Қасымов**

орын. Н.Жақайұлы
тел: 8/7292/ 31-90-92